

«6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Әлиакбарова Айгерім Тілесбекқызының «Жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайдағы заманауи қазақ антропонимиясы: трансмиссия, трансформация» атты диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің СЫН-ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Лингвистиканың қазіргі даму кезеңі тілдің когнитивтік аспектісі және тілді адам, оның санасы, түрлі іс-әрекеттерімен арақатынасы тұрғысынан зерттейтін лингвистикадағы антропоцентристік бағытқа деген қызығушылықтың артуымен сипатталады. Сондықтан индивидке тіл иесі және мәдениет иеленушісі ретіндегі жаһандық бетбұрысты сипаттайтын қазіргі тіл біліміндегі жетекші бағыттардың бірі тіл және сана мәселелерін зерттеуге басымдық берілуде.

Түрлі халықтарда ономастикон өзіндік заңдары, ішкі және сыртқы лингвистикалық факторлар есебінен өзгеше қалыптасады. Дегенмен қоғамның тарихи дамуы және әлеуметтік-мәдени жоспардағы өзгерістер, алға бағытталған қозғалыстар мен ғылыми-техниканың ілгерілеуі, ономастикалық кеңістіктің жаһандануына байланысты айтарлықтай баяу, біртіндеп өзгере отырып, ономастикадағы жаңа нысандардың пайда болуы есебінен үнемі өрісін кеңейтіп отырады.

Когнитивтік лингвистикада жалқы есімдер жүйесі, оның ішінде антропонимдер тіл заңдары бойынша дамитын сөз ретіндегі ерекше күйімен, бұған қоса ақпараттылықтың этнографиялық, тарихи, әлеуметтік, мәдени аспектілерін біріктіруші лексикалық компонент ретінде анықталады. Кісі есімі, әке аты, тегі лексика-семантикалық жүйенің құрамдас бөлігі болып табылатындығы сөзсіз, оның аясында қызмет атқара отырып, қоғамда орын алған кез келген өзгерістің ықпалында болады. Атап айтқанда антропонимдердің айрықша жай-күйі және осы тұрғыдағы мәселелермен байланысы аталған зерттеудің өзектілігін анықтайды.

Аталмыш зерттеу трансмиссия және трансформация құбылыстары арқылы сипатталатын жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайдағы заманауи қазақ антропонимдерін талдауға арналған. Ономастикалық жүйе, сәйкесінше тілдің ономастикалық кеңістігі лингвомәдени тәжірибенің ажырамас бөлігі екендігін және әрбір тарихи кезеңдегі онимдік таңбаның нақты жүйесі бойынша білім номинативтік іс-әрекеттің дамуына бағытталатынын ескере отырып, Әлиакбарова Айгерім Тілесбекқызының «Жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайдағы заманауи қазақ антропонимиясы: трансмиссия, трансформация» атты зерттеу жұмысының өзектілігі дау тудырмайтындығын атап өтуге болады.

Зерттеу жұмысында қазақ антропонимдерінің атқаратын қызметі, қазіргі жай-күйі тұрғысынан кешенді талдануы, қазақ антропонимдік жүйесінің өсу динамикасы үдерісін айқындау авторға оларды прагматикалық мәнмәтінде

ұлттық ойлауға әсер етуі тарапынан қарастыруға мүмкіндік туғызды. Осыдан келіп аталған **диссертациялық зерттеудің өзектілігі** туындайды.

А.Т. Әлиакбарованың «Жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайдағы заманауи қазақ антропонимиясы: трансмиссия, трансформация» атты диссертациялық зерттеуі әлемді қабылдаудың жалпы адамзаттық және ұлттық-айрықша ерекшеліктері және оның тілдік көрінісін анықтау мен сипаттауға бағытталған жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланысты; қазіргі антропоөзектік және лингвистикалық білімнің коммуникативтік-функционалдық парадигмасы мәселелелері аясына кіреді.

2. Ғылыми нәтижелері және олардың негізділігі.

А.Т. Әлиакбарованың «Жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайдағы заманауи қазақ антропонимиясы: трансмиссия, трансформация» атты диссертациялық зерттеуінде келесі ғылыми нәтижелерге қол жеткізілген:

1) заманауи қазақ есімдер қорын құрастыру үшін антропонимдік мәліметтер жинақталған және жүйеге келтірілген;

2) қазіргі Қазақстандағы негізгі есім беру үрдістері лексика-семантикалық және құрылымдық грамматикалық ерекшеліктері бойынша анықталған;

3) Қазақстандағы түрлі лингвомәдениетте есімнің таңдалуына және оның танымалдылығына ықпал ететін негізгі факторлар қарастырылған;

4) ресми құжаттардағы қазақ антропонимдерінің жазылуы бойынша орфографиялық сәйкессіздік анықталып, талданған;

5) түрлі уақыт кезеңіндегі қазақ антропонимдері салыстырмалы тұрғыда талданып, заманауи қазақ антропонимиясындағы ұрпақаралық трансмиссия ерекшеліктері айқындалған;

6) жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайларға байланысты орын алған заманауи қазақ антропонимиясындағы трансформация үлгілері сипатталған.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізділігі мен шынайылық дәрежесі.

Алынған нәтижелердің негізділігі зерттеу әдістемесінің дұрыс таңдалуымен қамтамасыз етіледі.

1) *Бірінші нәтиженің шынайылығы* диссертациялық зерттеуде жеткілікті материалдық базаның болуымен расталады (зерттеудің деректі материалы ұлты қазақ азаматтардың есімі мен тегін білдіретін 124 800-нан астам бірлікті құрайды). Сонымен бірге аталған нәтиженің негізділігі мен шынайылығы дереккөз ретінде Алматы қаласы АХАТ бөлімдеріндегі 1980-2018 жылдар кезеңіндегі жаңа туылған нәрестелердің есімдері, әкесінің аттары мен тектері тіркелген акт жазбаларын қолданумен, беделді сөздіктер, анықтамалықтар мен кісі есімдері тіркелген ресми құжаттардың негізге алынуы тұрғысында нақтыланады,

2) *Екінші нәтиженің шынайылығы* диссертанттың заманауи қазақ антропонимдеріне жасаған құрылымдық, грамматикалық, компоненттік топтастыруымен, диссертантқа заманауи қазақ антропонимдерін жасаудың негізгі үлгілерін анықтауға мүмкіндік туғызған қорытындылармен дәлелденеді. Жұмыста ұсынылғандай жинақталған материалды топтастырудың негізділігі

лингвистикалық талдаудың (морфемдік, деривациялық, морфологиялық, контекстуалдық) нақты жүйелеу алғышарттары және әдіснамалық құралдарымен анықталады. Жекелеген тұжырымдар тіл иесінің метатілдік санасының көрсеткіштері арқылы бекітіледі.

3) Қазақстандағы түрлі лингвомәдениеттегі (үшінші тұжырым) есім таңдау мен олардың танымалдылығына ықпал ететін негізгі факторларға қатысты қорытындылар БАҚ материалы негізінде қазіргі публицистикалық дискурстағы лексикалық қолданыстағы мысалдармен және талдау жасалған кезеңдегі Қазақстан Республикасындағы ресми сайттар арқылы дәйектеледі.

4) *Төртінші нәтиженің шынайылығы* күмән тудырмайды, себебі диссертациядағы 32, 33 34, 35 (136-144 бб.) кестелерде берілген кең ауқымды деректі материалмен дәйектеледі.

5) Заманауи қазақ антропонимиясы модернизациясымен байланысты бесінші және алтыншы нәтижелердің шынайылығы зерттеудің теориялық-әдіснамалық базасын бірізді қолданумен негізделеді, бұл қазақ қоғамында тарихи-мәдени, діни, әлеуметтік-қоғамдық қайта құрулардың ықпалы нәтижесінде орын алған антропонимдік дәстүр мен есім беру тәжірибесі арақатынасы тұрғысында ақылға қонымды болып саналады.

Көрсетілген нәтижелердің шынайылығы жеткілікті эмпирикалық материал, зерттеудің салмақты, дәлелді базасын құрайтын ономастика, әлеуметтану, лингвомәдениеттану, лексикология, лексикография салаларындағы қазіргі лингвистикалық ғылымдар жетістіктеріне негізделе отырып қамтамасыз етіледі.

Әрбір ғылыми тұжырым мысалдар (шынайы дереккөздерден алынған тілдік материал, беделді лексикографиялық еңбектердегі сөздік дефинициялар, тіл иелерінің куәліктері, мәліметтерді сандық есептеу) арқылы дәйектеледі, немесе лингвистикалық деректерді талдаудан алынған заңды логикалық қорытынды болып есептеледі.

Көрнекілігі жұмыста берілген деректерді, қорытындыларды, статистиканы жүйелейтін кестелермен қамтамасыз етілген. Жұмыс тиянақты құрылым және жақсы жеткізе білу стилімен ерекшеленеді.

4. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (тұжырым) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

1. Бірінші нәтиже – ішінара жаңа, себебі тіл жүйесіндегі қазақ антропонимиясы мәселелері бойынша ғылыми әдебиеттерге жасалған талдау нәтижесі және дәстүрлі есім беру жүйесін толықтыратын заманауи қазақ антропонимдерін көрсетуде аталған жетістіктердің экстраполяциясы ұсынылады.

2. Екінші нәтиже – жаңа, себебі заманауи қазақ антропонимдеріне алғаш рет құрылымдық-грамматикалық, компоненттік талдау жасалған және заманауи қазақ есімдері мен тектерінің лексика-семантикалық, сөзжасамдық үлгілері ұсынылып, қазақ тіліндегі жаңа антропонимдер үлгілерінің жасалуына өзге тілдердің ықпалы сипатталады.

3. Үшінші нәтиже – жаңа, себебі алғаш рет заманауи қазақ антропонимдерінің сандық көрсеткіштері талданып, сонымен бірге алғаш рет

қазақ есімдер жүйесінде жаңа антропонимдер бойынша ауқымды деректі материал ғылыми айналымға енгізіліп отыр.

4. Төртінші нәтиже – жаңа, себебі алғаш рет қазақ және орыс тілдерінде АХАТ бөлімдеріндегі ресми құжаттардағы антропонимдердің қазақ тілінің орфографиялық нормасына сәйкессіздігі талданды.

5. Бесінші нәтиже – жаңа, себебі қазақ антропонимиясындағы ұрпақаралық трансмиссия құбылысы алғаш рет қарастырылған, соның нәтижесінде заманауи қазақ антропонимиясының өзегі мен шеткері кеңістігі анықталған.

6. Алтыншы нәтиже – жаңа, себебі алғаш рет қазіргі Қазақстандағы динамикалық тұрғыда даму барысындағы саяси-әлеуметтік факторлардың ықпалынан қазақтардың дүниетанымына антропонимдердің прагматикалық әсері сипатталған.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы алынған нәтижелердің ономастика, когнитология, лингвомәдениеттану, әлеуметтанудың дамуына айтарлықтай үлес қосуымен анықталады. Қарастырылған мәселе бойынша жеткен жетістік деңгейі қазақ антропонимиясы бойынша білімді айтарлықтай толықтырады. Диссертацияда заманауи қазақстандағы шынайылыққа сәйкес есім беру ерекшеліктері айқындалған және есім таңдауда байқалған өзгерістер динамикасы қазақ халқының санасындағы өзгерістер жайлы біртұтас түсінік қалыптастыруға мүмкіндік тудырады. Пәнаралық тәсілді қолдану антропонимдердің ұлттық санадағы ерекше мәдени рөлін сезінуге мүмкіндік жасайды. Зерттеу қорытындылары ономастикадағы, лингвомәдениеттанудағы мәселелерді ары қарай зерттеу үшін маңызды болып табылады.

Зерттеудің практикалық құндылығы. Аталған зерттеу нақты шынайылықтағы антропонимдердің қызметіне ықпал ететін прагматикалық және семантикалық факторларды барынша тереңірек зерттеуге негіз бола алады. Жұмыс нәтижелері қазақ антропонимикасы бойынша арнайы курс ретінде қолданыла алады. Сонымен бірге жұмыстың практикалық құндылығы оның негізгі тұжырымдарын жоғары оқу орнында оқыту тәжірибесінде қолдану мүмкіндігімен, ономастика, семантика, прагмалингвистика, лингвомәдениеттану, мәдениаралық коммуникация бойынша теориялық курстарды құрастырумен айқындалады. Талданған деректі материал қазақша-орысша «Заманауи қазақ есімдері электронды сөздігінде» лексикографиялық сипат алған.

6. Диссертация бойынша кемшіліктер мен ұсыныстар.

Жалпы Әлиакбарова Айгерім Тілесбекқызының диссертациялық зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңыздылығын оң бағалай отырып, келесі ескертулер мен кемшіліктерді атап өтуге болады:

1. Әлиакбарова Айгерім Тілесбекқызының диссертациялық зерттеуінің Б қосымшасында (250 – 265 бб.) заманауи қазақ антропонимдерінің ағылшын тілі және латын графикасы бойынша тіларалық берілу сәйкестілігі кестеде көрсетілген. Қазақ жалқы есімдерінің аудрамада, тіларалық коммуникацияда берілуі әлі де болса тереңірек қарастыруды талап ететіндігін ескере отырып,

диссертация авторы Б қосымшасын құрастыруда негізге алған қағидаларды барынша нақты түсіндірсе деген ой туындайды.

2. Диссертациялық зерттеуде диссертант әлем шоу-бизнесіндегі сахналық есімдерге жасалған талдау нәтижелерін жеткілікті дәрежеде кеңінен сипаттаған. Диссертанттың келтірген материалдары автордың «Бүркеншік аттар жасанды атау сөздер ретінде түрлі экстралингвистикалық факторлар арқылы пайда болып, антропонимдердің бір түрі түрінде қоғамда қызмет атқарады. Қоғамда болып жатқан өзгерістер, оқиғалар, жаңалықтар, қоршаған ортадағы құбылыстар оларға тікелей ықпалын тигізеді» (150 б.) сынды қорытындыларымен дәйектеледі. Осы орайда әлеуметтік және мәдени анықталған екінші аталымға алып келетін антропонимдік трансформация мәнмәтініндегі қайта атау берудің (*иммигранттар есімдер, діни есімдер*) прагматикалық ерекшеліктерін түсіндіру аса қызығушылық тудырады.

Дегенмен жоғарыда көрсетілген ескертпелер Әлиакбарова Айгерім Тілесбекқызының диссертациялық жұмысының маңыздылығына еш нұсқан келтірмейді.

7. Диссертация мазмұнының ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Әлиакбарова Айгерім Тілесбекқызының «Жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайдағы заманауи қазақ антропонимиясы: трансмиссия и трансформация» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы бірізділендірілген, диссертацияның барлық бөлімдері мен тұжырымдары, алынған нәтижелер диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді. Орындалған жұмыс ғылыми маңыздылығы мен практикалық құндылығы бар зерттеу ретінде, ҚР білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің «ғылыми дәреже беру Ережелері» талаптарына сай келетін жұмыс деп сипаталады.

Ресми рецензент:
филология ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық
университеті шетелдіктердің тілдік
және жалпы білім беру дайындығы
кафедрасының доцент м.а.



Мусабекова У.Е.

РАСТАВИЛИ
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы

ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

Р.Е. Кудайбергенова: _____

« _____ » _____ 20__ ж.г.